

"Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 382/12 қаулысы . Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 ақпанда N 3408 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі N 129/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 24.04.2014 N 129/4 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" N 745, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 мамырдағы "Фитосанитариялық қауіпсіздік және тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 485 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е. Арын

Павлодар

облысы

әкімдігінің

2012

жылғы

29

желтоқсандағы

N

382 / 12

қаулысымен

бекітілді

"Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте келесі ұғымдар пайдаланылады:

аттестаттау - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың тұқым шаруашылығы субъектісінің мәртебесіне сәйкестігін анықтау (растау);

аттестаттау туралы куәлік – мемлекеттің тұқым шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілердің қызметін тануын растайтын, өз құзыреті шегінде тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган немесе облыстың жергілікті атқарушы органы берген құжат;

басқарма - "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

тұтынушы - бірегей тұқымдар өндіруші немесе элиталық-тұқым өсіру шаруашылығы, немесе тұқым өсіру шаруашылығы, немесе тұқым өндіруші мәртебесін алуға үміткер жеке немесе заңды тұлға;

сараптамалық комиссия – кемінде бес адамнан тұратын сандық құраммен (комиссия төрағасы және төрт мүшесі) басқарма бұйрығымен құрылатын комиссия;

жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыс әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган (бұдан әрі – облыс әкімдігі);

құрылымдық-функционалдық бірліктер – мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын лауазымды тұлғалар (бұдан әрі – Бірліктер).

2. Жалпы ережелер

2. "Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жергілікті атқарушы орган атынан басқарма көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 мамырдағы "Фитосанитариялық қауіпсіздік және тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер

мен толықтыру енгізу туралы" N 485 қаулысымен бекітілген "Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде жүзеге асырылады.

5. Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағышта аттестаттау туралы куәлік беру немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тарту көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

6. Мемлекеттік қызметті Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 61-мекенжайы бойынша орналасқан басқарма демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетеді. Павлодар облысының жергілікті атқарушы органының орналасқан жері туралы ақпарат Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет ресурсынан, мемлекеттік қызметті көрсету орындарындағы стендтерден, сондай-ақ басқармаға хабарласып, 8 (7182) 32-99-91 телефон бойынша алуға болады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер Стандарттың 16-тармағында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыдан өтініш алған сәттен бастап және мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1-кезең – басқарманың әкімшілік бөлімінің бас маманының тұтынушы құжаттарын қабылдауы және тіркеуі, қолхат беруі және оларды басқарма бастығының қарауына беруі;

2-кезең – басқарма бастығының жауапты орындаушыны анықтауы;

3-кезең – басқарманың жауапты орындаушысының өтініш берген сәттен бастап екі күн ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруі, тұтынушының құжаттарын сараптау комиссиясының қарауына жолдауы. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді жазбаша бас тартуды әзірлеу;

4-кезең – сараптау комиссиясының ұсынылған құжаттарды зерделеуі, тұтынушының бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіруші

шаруашылықтарға, тұқым өсіруші шаруашылықтарға, тұқым өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестік дәрежесін жер-жерлерге бару және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 30 қарашадағы N 1393 қаулысымен бекітілген Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысанда тексеру актісін құрастыру арқылы анықтауы, шешімді хаттама ретінде рәсімдеуі;

5-кезең – басқарманың жауапты орындаушысының тұтынушыға бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруші және тұқым өткізушілер мәртебесін беру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеуі және облыс әкімдігінің қарауына шығаруы, немесе аттестаттау туралы куәлікті беруден дәлелді жазбаша бас тарту жобасын әзірлеуі;

6-кезең – облыс әкімдігінің тұтынушыға бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруші және тұқым өткізушілер мәртебесін беру туралы қаулысын қабылдауы;

7-кезең – облыс әкімдігінің тұтынушыға бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруші және тұқым өткізушілер мәртебесін беру туралы қаулысы негізінде басқарма бастығының аттестаттау туралы куәлікке немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуға қол қ о ю ы ;

8-кезең – басқарманың жауапты орындаушысының тұтынушыға аттестаттау туралы куәлікті немесе оны беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды беруі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі әрекеттер (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы осы Стандарттың 11 - тармағында көрсетілген құжаттарды басқармаға тапсырады.

12. Басқарманың әкімшілік бөлімінің бас маманы тұтынушыдан құжаттарды қабылдайды, кіріс хат-хабар журналында тіркейді, төмендегілерді:

- 1) құжаттарды қабылдау күні мен нөмірін;
- 2) сұралып отырған мемлекеттік қызмет түрін;
- 3) қоса беріліп отырған құжаттардың саны мен атауын;
- 4) мемлекеттік қызметті алатын күнін (уақытын) және құжаттар берілетін о р н ы н ;

5) басқарманың өтінішті қабылдаған жауапты лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің атын көрсете отырып, тұтынушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Тұтынушының өтініші жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу

журналында

тіркеледі.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне келесі ҚФБ қатысады:

- 1) басқарманың әкімшілік бөлімінің бас маманы;
- 2) басқарма бастығы;
- 3) басқарманың жауапты орындаушысы;
- 4) сараптау комиссиясы;
- 5) облыс әкімдігі.

14. Әрбір әкімшілік әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ-нің әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара байланысы және кезектілігінің мәтінді кестелі сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде әкімшілік әрекеттердің логикалық кезектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты айқындайтын сызбалар осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

16. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті көрсету барысында өздері қабылдайтын шешімдер мен әрекеттер (әрекетсіздік) үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жауап береді.

"Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

1-кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктер әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағымының) әрекеттері	1	2	3	4	5	6	7
1	1	Әрекет (жұмыс барысының, ағымының) N	1	2	3	4	5

2	Бірліктің атауы	1 - бірлік басқарманың әкімшілік бөлімінің бас маманы	2 - бірлік басқарма бастығы	3 - бірлік басқарманың жауапты орындаушысы	4 - бірлік сараптау комиссиясы	3 - басқа жауап орын
3	Әрекеттің (процестің, рәсімнің, операциясының) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушының құжаттарын қабылдау, тіркеу, қолхат беру және оларды басқарма бастығының қарауына беру	Жауапты орындаушыны анықтау	Өтініш берген сәттен бастап екі күн ішінде, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру, сараптау комиссиясының қарауына жолдау. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді жазбаша бас тартуды әзірлеу	Ұсынылған құжаттарды зерделеу, жер-жерлерге бару және тексеру актісін құрастыру арқылы тұтынушының бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтарға, тұқым өсіруші шаруашылықтарға, тұқым өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестік дәрежесін анықтауы, шешімді хаттама ретінде ресімдеу	Тұты біреу элит тұқым бірін екіні үшін көбеі тұқым өнді және өткіз мәрт беру облы қаулі жобға әзірл облы әкім қара шығы немесе аттес тура куәл беру жазб түрде бас жобға әзірл
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат,	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басқарма	Бұрыштама қою, құжаттарды жауапты	Құжаттарды сараптау комиссиясына беру немесе өтінішті одан әрі қараудан дәлелді	Сараптау комиссиясының	Тұты біреу элит тұқым бірін екіні үшін көбеі тұқым өнді және өткіз мәрт беру қаулі облы әкім

	ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	бастығына жолдау	орындаушыға беру	жазбаша бас тартуды басқарма бастығына қол қоюға жолдау	шешімі (отырыс хаттамасы)	қара шығ не м аттес тура куәл беру жазб түрде бас : басқ баст қол жолд
5	Орындау мерзімдері	1 жұмыс күні ішінде (құжаттарды қабылдау - 30 минуттан артық емес)		1 жұмыс күні ішінде	Өтініш түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде	3 жұ
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс

Негізгі процесс (жұмыстың барысы, ағымы)		1-бірлік	2-бірлік	3-бірлік	4-бірлік	5-бірлік
Негізгі процесс (жұмыстың барысы, ағымы)		Н - 1 әрекет Тұтынушының құжаттарын қабылдау, тіркеу және оларды басқарма бастығының қарауына беру	Н - 2 әрекет Жауапты орындаушыны анықтау	Н - 3 әрекет Тұтынушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексеру және оларды сараптау комиссиясының қарауына жолдау	Н - 4 әрекет Сараптау комиссиясының ұсынылған құжаттарды зерделеуі, жер-жерлерге бару және тексеру актісін құрастыру арқылы тұтынушының бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіруші шаруашылықтарға, тұқым өсіруші шаруашылықтарға, тұқым өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестік дәрежесін анықтауы, шешімді хаттама ретінде рәсімдеуі	Н-6 әр Тұтынушыға біре элиталық тұқы бірінші, екінші және үшінші көбейтіл тұқым өндіруші ; тұқым өткізуі мәртебесін беру ту облыс әкімдігін қаулысын қабылда
				Н - 5 әрекет Тұтынушыға бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруші және		Н - 7 әр Тұтынушыға біре элиталық тұқы бірінші, екінші және

	Н - 8 әрекет Аттестаттау туралы куәлікке қол қою	тұқым өткізуші мәртебесін беру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу және оны облыс әкімдігінің қарауына шығару		үшінші көбейтіл тұқым өндіруші ; тұқым өткізуі мәртебесін беру ту қаулыны қабылдау
		Н-9 әрекет Тұтынушыға аттестаттау туралы куәлікті беру		

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Альтернативті процесс


Альтернативті процесс (жұмыстың барысы, ағымы) немесе кеңейту			
1-бірлік	2-бірлік	3-бірлік	4-бірлік
А - 1 әрекет Тұтынушының құжаттарын қабылдау және тіркеу және оларды басқарма бастығының қарауына беру	А - 2 әрекет Жауапты орындаушыны анықтау	А - 3 әрекет Ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру, сараптау комиссиясының қарауына жолдау. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді жазбаша бас тартуды әзірлеу, басқарма бастығының оған қол қоюы және өтініш берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тұтынушыға беру	А - 4 әр Сараптау комиссиясын ұсынылған құжаттард зерделеуі, жер-жерге бару тексеру актісін құрасты арқылы тұтынушының біз тұқым өндірушілерге, элит тұқым өсіруші шаруашылықтарға, тұқ өсіруші шаруашылықта тұқым өткізушілерге қойы біліктілік талаптарға сәйк дәрежесін анықтауы, шеп хаттама түрінде рәсімдеуі
	А - 6 әрекет Аттестаттау туралы куәлікті беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуға қол қою	А - 5 әрекет Аттестаттау туралы куәлікті беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды дайындау	
		А - 7 әрекет Аттестаттау туралы куәлікті беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды тұтынушыға ұсыну	

"Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау"

мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне

2-қосымша

Негізгі процестің функционалдық өзара әрекет сызбасы



Альтернативті процесстің функционалдық өзара әрекет сызбасы

